

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы

12 тамыз 2024 жыл

KASE 2024 жылғы шілде айы үшін биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы шілдедегі қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы шілдеде 34,4 трлн теңгені құрады және маусыммен салыстырғанда 13,3%-ға немесе 4,0 трлн теңгеге ұлғайды.
- Шілде айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,6%-ға өсіп, 5 234,43 тармақты құрады.
- Шілде айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 1,9%-ға, яғни 32,9 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,4%-ға 14,1 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- Шілде айында екі жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары листинг рәсімінен өтті.
- 2024 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 254 эмитенттің 706 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылғы шілдеде KASE-нің қатысуымен келесі іс-шаралар өткізілді:

KASE Азия даму банкінің өкілдерімен кездесу ұйымдастырды, онда Қазақстан бойынша АДБ Елдік Директоры лауазымына тағайындалған Уцав Кумар таныстырылды. Тараптар ағымдағы жобалар мен өзара ынтымақтастық перспективалары мәселелерін талқылады.

Бизнеске арналған іс-шаралар

KASE-де "Эмитент күні" жобасы аясында келесі кездесулер өтті:

- "Отбасы банкi" АҚ Басқарма Төрағасы Ләззат Ибрагимова Отбасы Банкінің 2023 жылдағы қызметінің қаржылық нәтижелері, банк облигацияларының жоспарланған шығарылымдары және тұрғын үй жобаларын іске асыру жоспарлары туралы ақпаратпен бөлісті;
- "Altyn Samruk Qazaqstan" АҚ басшылығы 2023 жылдағы қызметінің қаржылық нәтижелері және бағалы қағаздардың жоспарланған шығарылымдары туралы мәлімдеді.

Биржа "Отбасы банк" АҚ Басқарма Төрағасы Ләззат Ибрагимованың қатысуымен KASE Talks өткізді. Іс-шарада "Отбасы банк" АҚ-тың тұрғын үй бағдарламаларының операторы ретіндегі қызметі туралы, оның ішінде жаңа бағдарламалар - "Отау" және "Наурыз", білім беру депозиттері және гендерлік ипотеканы іске қосу туралы өзекті тақырыптар қозғалды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылғы шілденің қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 32,9 трлн теңгені (69,3 млрд USD) құрады, бұл өткен айдағы көрсеткіштен 608,7 млрд теңгеге немесе 1,9% - ға жоғары.

Шілде айында акциялармен сауда-саттық көлемі 54,9 млрд теңгені құрап, маусыммен салыстырғанда 5,4 есеге немесе 44,8 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 2,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,5 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 6 629 мәмілені (қайталама нарықта – 6 629 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 376,1 мың теңгені (қайталама нарықта – 374,9 мың теңге) құрады.

Бастапқы нарық көлемі 175,0 млн теңгеге бағаланады. 2024 жылғы шілдеде "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 175,0 млн теңге сомасына бір акция үшін 7 000,00 теңге бағамен 25 000 жай акция орналастырды. Барлық көлемді жеке тұлғалар сатып алды.

Қайталама нарықта шілде айында сауда-саттық көлемі 54,7 млрд теңгені құрады, бұл маусым айындағы мәндерден 5,4 есе немесе 44,6 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 58,3%, банктердің үлесіне – 0,1%-дан кем, брокерлік – дилерлік ұйымдардың үлесіне – 16,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 3,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 21,0% тиесілі болды. Бейрезиденттердің 5,4 % құрады.

KASE ИНДЕКСИ

Шілде айында KASE Индексінің мәні 1,6%-ға өсіп, айдың соңына қарай 5 234,43 тармақты құрады.

Шілде айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 12,1 млрд теңгені құрады, бұл маусым айындағы көрсеткіштен 2,6 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың жай акцияларына – 2,2 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 17,8%) тиесілі болды.

KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, 1 акция үшін			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.08.24	01.07.24	Δ, %	шілде	маусым	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 995,00	1 816,00	+9,9	847,8	415,2	+432,6
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	13 434,99	12 700,00	+5,8	2 151,1	2 238,3	-87,3
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	38 874,00	36 845,00	+5,5	997,8	480,7	+517,0
Касpi.kz АҚ	KSPI	65 550,00	63 302,00	+3,6	924,6	647,2	+277,5
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 480,00	1 475,00	+0,3	643,9	922,7	-278,8
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	205,87	205,70	+0,1	1 462,4	1 878,6	-416,2
"Kcell" АҚ	KCEL	2 964,99	3 003,00	-1,3	2 063,3	597,2	+1 466,1
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	814,00	832,89	-2,3	703,7	571,7	+132,0
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 301,01	18 801,01	-2,7	1 003,7	508,4	+495,3
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	853,02	891,49	-4,3	1 313,5	1 201,7	+111,7

Шілде айының қорытындысы бойынша ең үздік динамиканы "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның жай акциялары көрсетті, олардың бағасы 9,9%-ға өсті. Moody's рейтинг агенттігі Банктің депозиттерінің ұзақ мерзімді рейтингін Ba2-ден Ba1-ге дейін көтерді, сондай-ақ БЦК-ның банктік депозиттерінің ұзақ мерзімді рейтингін ұлттық шкала бойынша А3.kz-ден А1.kz дейін көтерді және депозиттердің ұзақ мерзімді рейтингтері бойынша оң болжамды сақтап қалды. S&P Global Ratings рейтинг агенттігі БЦК-ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін "BB-/B" деңгейінде растады, Банктің ұлттық шкала бойынша рейтингін "kzA" деңгейінде растады және Банктің рейтингтері бойынша оң болжамды сақтады.

Өсу қарқыны бойынша екінші орынға айдың нәтижелері бойынша 5,8%-ға өскен "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың жай акциялары орналасты.

Өсу қарқыны бойынша үшінші орында 5,5 % өсіммен **"Қазақтелеком" АҚ**-тың жай акциялары тұр.

Kaspi.kz АҚ акциялары оң динамиканы көрсетіп, бағасы 3,6%-ға өсті. Kaspi.kz таза пайдасы 2024 жылдың екінші тоқсанында 25%-ға, түсімі 36% - ға өсті. Шоғырландырылған таза пайданың 68 %-ы Төлемдер және Маркетплейс платформаларына тиесілі болды, бұл ретте бірінші жартыжылдықта осы көрсеткіш 61% құраған болатын.

"Эйр Астана" АҚ акциялары шілде айының қорытындысы бойынша 4,3%-ға төмендеді. 2024 жылғы 26 шілдеде әуе кемелері паркін 80 ұшаққа дейін кеңейту шеңберінде 2028 жылдың соңына қарай "Эйр Астана" АҚ компаниялар тобы Air Lease Corporation компаниясымен Airbus A321neo LR жеті ұшағының операциялық лизингіне қатысты келісімге қол қойды. Келісім шеңберінде ұшақтарды жеткізу 2026 жылдан бастап жүзеге асырылады.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Шілде айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 46 атаудағы акциялары мен 12 ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі шілде айында 8,1 млрд теңгені құрап, маусыммен салыстырғанда 3,7 есеге немесе 5,9 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 368,0 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 512, бір мәміленің орташа көлемі – 718,0 мың теңгені құрады.

2024 жылғы шілдеде "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны келесі акциялармен жасалды:

- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 2,4 млрд теңгеге 1 552 мәміле;
- American Airlines (AAL_KZ) – жалпы сомасы 39,2 млн теңгеге 1 382 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 74,2 млн теңгеге 1 077 мәміле;
- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 168,4 млн теңгеге 1 5038 мәміле;
- Tesla, Inc. (TSLA_KZ) – жалпы сомасы 698,2 млн теңгеге 898 мәміле;

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 31,9% жеке тұлғаларға, 31,1 % брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 36,9 % басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 % құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі шілде айында 0,4%-ға немесе 63,3 млрд теңгеге 14,1 трлн теңгеге (29,7 млрд USD) дейін ұлғайды.

2024 жылғы шілде айының соңында KASE ресми тізімінде 118 эмитенттің 452 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Шілде айында KASE ресми тізіміне он екі эмитенттің корпоративтік облигацияларының он жеті шығарылымы (екі жаңа) енгізілді: "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС, "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС және "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС-нің екі шығарылымынан және "A-cars" ЖШС, "Aspan Almaty Qala" ЖШС, "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС, "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ" ЖШС және "Bereke Bank" АҚ-тың бір шығарылымынан.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні шілдеде 20 б. п. төмендеді және айдың соңында жылдық 13,90% құрады.

KASE корпоративтік облигацияларымен сауда-саттық көлемі бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен шілде айында маусыммен салыстырғанда 3,5 есеге немесе 582,5 млрд теңгеге өсіп, 812,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 36,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 502 мәмілені (қайталама нарықта – 386 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 73,6 млн теңгені (қайталама нарықта – 5,9 млн теңге) құрады.

Шілде айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 761,8 млрд теңгені құрады және маусыммен салыстырғанда 3,7 есеге немесе 555,8 млрд теңгеге өсті:

- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ облигациялардың үш шығарылымын орналастырып:

- өтеуге кірістілігі 5,49% және 5,50% және өтеуге дейінгі мерзімдері 9 ай және 1 жыл болатын облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 38,4 млн АҚШ доллары (баламасы 18,3 млрд теңге) тартты,
- 50,0 млрд теңге, өтеу мерзімі 9,3 жылға дейінгі облигацияларды орналастыру арқылы 50,0 млрд теңге тартты;
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС үш жылдық облигациялардың екі шығарылымын жылдық 20,00-20,50%-бен орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты;
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ бес жылдық әлеуметтік облигациялардың екі шығарылымын жылдық 14,25%-бен орналастыра отырып, 170,5 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ жылдық өтеуге орташа кірістілігі 13,61-13,71% және өтеуге дейінгі мерзімі 0,9-1,0 жыл облигациялардың үш шығарылымын орналастырып, 27,2 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" АҚ жылдық 4,05-8,79%-бен және өтеу мерзімі 6 жылдан 12 жылға дейінгі облигациялардың үш шығарылымын орналастырып, 180,0 млрд теңге тартты;
- "A-cars" ЖШС үш жылдық "жасыл" облигацияларды жылдық 21,00%-бен орналастырып, 500,0 млн теңге тартты;
- "Bereke Bank" АҚ жылдық 13,85%-бен және өтелгенге дейін бір жыл мерзіммен облигацияларды орналастырып, 100,0 млрд теңге тартты;
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,05% және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылға дейін облигацияларды орналастырып, 30,0 млрд теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ бес жылдық облигацияларды жылдық 17,25%-бен орналастыра отырып, 4,4 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жеті жылдық облигацияларды жылдық 12,79%-бен орналастырып, 39,1 млрд теңге тартты;
- "ЭКО – қаржы МҚҰ" ЖШС екі жылдық облигацияларды жылдық 22,00%-бен орналастырып, 20,0 млн теңге тартты;
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС үш жылдық облигацияларды жылдық 22,00%-бен орналастырып, 1,7 млрд теңге тартты;
- "Тойота Файнэншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ" ЖШС төрт жылдық облигацияларды жылдық 14,00%-бен орналастырып, 3,5 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 18,0%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,6%, басқа институционалдық инвесторлардың – 19,6%, өзге заңды тұлғалардың – 60,9%, жеке тұлғалардың – 0,9% құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,6% құрады.

Шілде айында облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі маусыммен салыстығанда 2,1 есеге немесе 26,8 млрд теңгеге 50,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 31,2%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,4%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 5,0%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 38,7%, жеке тұлғалардың үлесі 23,7% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 20,6% құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 26,7 трлн теңгені (56,2 млрд USD) құрап, шілде айында 5,0 %-ға немесе 1,3 млрд теңгеге өсті.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 1,1 трлн теңгені құрады және маусымға қатысты 18,9 %-ға немесе 175,3 млрд теңгеге ұлғайды. 2024 жылдың шілде айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 50,2 млрд теңгені (қайталама

нарықта – 5,8 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 27 (қайталама нарықта – 15), бір мәміленің орташа көлемі – 1,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,4 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда көлемі 18,5 %-ға немесе 152,5 млрд теңгеге 978,6 млрд теңгеге дейін өсті. Оның 80,1 млрд теңгесін тоғыз облыс пен Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі жылдық 13,00-13,50% өтеуге кірістілігі бар және өтеуге дейінгі мерзімі 1,0-ден 15,6 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 898,5 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 65,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 2,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 14,7 %, басқа заңды тұлғалардың – 17,5 % тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,5 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 22,0%-ға немесе 22,9 млрд теңгеге өсіп, 126,9 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 48,4 % немесе 61,4 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі-50,1% немесе 63,6 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі-0,9% немесе 1,1 млрд теңгені құрады. 0,6% немесе 780,0 млн теңгені құрайтын қалған көлем АҚШ Қаржы министрлігінің облигацияларымен жасалған мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 48,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 2,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 0,1 %, басқа заңды тұлғалардың – 44,3 %, жеке тұлғалардың – 4,7% тиесілі болды. Резидент участистердің қатысуы 15,3%-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Шілде айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 68 облигациялар шығарылымы болды: Азия даму банкінің 12 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 27 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 18 шығарылымы, халықаралық қаржы корпорациясының бес шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің бір шығарылымы және Жеке секторды дамыту бойынша Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылдың шілдесінде "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына Азия Даму Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді. Есептік айда Еуразиялық даму банкінің екі шығарылымы және айналым мерзімінің аяқталуына байланысты Еуропалық инвестициялық банктің бір шығарылымы тізімнен шығарылды.

Есептік айда сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа келіп, бір ай бұрын 2,5 млрд теңгеге қарағанда 10,7 млрд теңгені құрап, 8,2 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 486,3 млн теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 972,7 млн теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында 50,0 % басқа заңды тұлғалардың үлесіне, 50,0 % жеке тұлғалардың шоттарына тиесілі болды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылдың 01 тамызында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 17 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 1,4 млрд теңгені құрады және 2024 жылдың маусымына қатысты 25,4 %-ға немесе 288,6 млн теңгеге ұлғайды. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 51,4 % жеке тұлғалардың шоттарына, 25,0 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 23,6 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 18,3 % құрады.

ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

2024 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2024 жылдың шілдедегі сауда-саттық көлемі 258,8 млн теңгені құрады және 2023 жылдың маусымына қатысты 2,3 %-ға немесе 6,0 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,9% жеке тұлғалардың шоттарына, 25,7 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 3,0 % – басқа институционалдық инвесторларға және 21,4 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың шілде айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 35 KASE мүшесі қатысты.

Шілде айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі маусымға қатысты 13,5 %-ға немесе 330,3 млрд теңгеге 2,8 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 126,5 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 794, бір мәміленің орташа көлемі – 159,4 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға қатысты өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық валюта бірлігіне баға белгіленетін валютаның мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	3 885,5 (-2,5 %)	66,3 % (-7,9 %)	12 788 (+744)	470,10-481,90	474,15 (+0,5 %)
RUB/KZT	66 522,3 (-4,4 %)	13,0 % (-1,9 %)	3 289 (+555)	5,3000-5,6133	5,4949 (-0,4 %)
CNY/KZT	948,5 (+7,1 %)	2,2 % (-0,05 %)	572 (+22)	64,5400-65,9900	65,4043 (+1,6 %)
EUR/KZT	55,2 (x 3,4)	1,0 % (+0,7 %)	334 (+187)	508,00-522,99	513,64 (+1,7 %)
EUR/USD	250,9 (x 2,5)	4,6 % (+2,7 %)	265 (+25)	1,0709-1,0939	1,0827 (+1,2 %)
USD/CNY	742,4 (x 2,3)	12,7 % (+6,7 %)	191 (+37)	7,2137-7,3103	7,2285 (-1,0 %)
EUR/CNY	3,8 (-53,7 %)	0,1 % (-0,1 %)	19 (+18)	7,8176-7,8271	7,8221 (+0,2 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі шілде айында 29,6 трлн теңгені құрады, ол маусым айындағы көрсеткішке қатысты 10,8 %-ға немесе 2,9 трлн теңгеге өсті.

15 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п. т. пайыздық дәлізімен жылдық 14,25 %-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің мәні болып табылатын mm_index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 80 б.т.-қа жылдық 12,18 %-дан 12,98 %-ға дейін өсті.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі шілде айында 24,1 трлн теңгені құрады, бұл маусым көлемінен 3,7 трлн теңгеге немесе 18%-ға жоғары. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1,1 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 763, бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 17,7 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 73,4 %, ББҚ-мен авторепо 6,4 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 26,5%, ББҚ-мен тікелей репо операцияларының көлемі – 20,7 млрд теңгені немесе 0,1 % -құрады. КҚС -мен авторепо мәмілелері 866,3 млн теңгеге жасалды.

Шілде айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 63 б.т.-қа жылдық 13,12 % - дан 13,75 %-ға дейін өсті.

TRION индикаторы (биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 80 б.т.-қа жылдық 12,97 % - дан 13,77 %-ға дейін өсті.

TWINA индикаторы (биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен биржада автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 42 б.т.-қа жылдық 13,33 %-дан 13,75 %-қа дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Шілде айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 5,5 трлн теңгені құрады, бұл маусым көлемінен 783,0 млрд теңгеге немесе 12,5 %-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 250,0 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 55, бір мәміленің орташа көлемі – 4,5 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп құрылымында 5,3 трлн теңге немесе валюталық своптармен операциялар көлемінің 97,0 % USDKZT своптарына; 13,9 млрд теңге немесе 0,3 % – RUBKZT; 152,2 млрд теңге немесе 2,8 % – EURKZT своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Қаржы құралы	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірл.	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 472,2	5 207,0	45,0%
	USDKZT_0_002	2 833,5	5 969,2	51,5%
	USDKZT_0_01W	11,4	24,0	0,2%
	USDKZT_1_01M	9,6	20,1	0,2%
	USDKZT_1_001	6,4	13,5	0,1%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	0,1	0,1	<0,1%
	EURKZT_0_002	152,1	310	2,8%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	1,4	258,1	<0,1%
	RUBKZT_1_001	12,5	2 302,1	0,2%

Шілденің аяғында бір күндік SWAP-1D (USD) долларлық своптың кірістілігі жылдық 6,86 % құрады, бір айда 217 б.т.-қа өсті, екі күндік SWAP-2D (USD) валюталық своптың кірістілігі шілде айында 110 б.т.-қа жылдық 6,99 %-ға дейін өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2024 жылдың шілдесінде туынды құралдар нарығында мәмілелер жасалған жоқ. 01 тамызда туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болмады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.